



3) облыстық маңызы бар қалалар аудандарының әкімдерін заңнамада белгіленген тәртіппен облыстық маңызы бар қалалар мәслихаттарының келісімімен облыстық маңызы бар қалалардың әкімдері қызметке тағайындайды, олардың өкілеттігін тоқтатады және қызметтен босатады;

4) республикалық маңызы бар қалалар мен астана аудандарының әкімдерін заңнамада белгіленген тәртіппен республикалық маңызы бар қалалар және астана мәслихаттарының келісімімен республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдері қызметке тағайындайды, олардың өкілеттігін тоқтатады және қызметтен б о с а т а д ы ;

5) кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің әкімдерін заңнамада белгіленген тәртіппен облыстар әкімдерінің келісімімен облыстар аудандарының әкімдері қызметке тағайындайды, олардың өкілеттігін тоқтатады және қызметтен босатады деп белгіленсін.

2. «Мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі кадр саясатының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы № 828 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2004 ж., № 17, 212-құжат; № 21, 265-құжат; 2005 ж., № 29, 362-құжат; 2006 ж., № 23, 229-құжат; 2007 ж., № 42, 479-құжат; 2009 ж., № 34, 321-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік саяси қызметшілер лауазымдарының және Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын немесе оның келісуімен тағайындалатын, оның ұсынуы бойынша сайланатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша тағайындалатын өзге де басшы лауазымды адамдардың тізбесінде:

М ы н а :

«

Аудандық маңызы бар қалалардың әкімдері	аудан әкімі	Әкімшілік Басшысы, облыстың тиісті аудандарының мәслихаты
---	-------------	---

»

деген жол алып тасталсын;

2) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік саяси қызметшілерін және өзге де лауазымды тұлғаларын келісу, қызметке тағайындау және қызметтен босату тәртібі туралы ережеде:

23-тармақтың екінші абзацындағы «, аудандық маңызы бар қалалардың әкімдері» деген сөздер алып тасталсын.

3. Осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и қ а с ы н ы ң

Президенті

Н. Назарбаев

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2011 жылғы «\_\_»  
№ \_\_\_\_\_ Жарлығына  
ҚОСЫМША

**Қазақстан Республикасы Президентінің күші жойылған  
кейбір жарлықтарының  
тізбесі**

1. «Қазақстан Республикасының ауылдық (селолық) округтері, ауылдары (селолары), кенттері әкімдерінің сайлауын өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 6 желтоқсандағы № 1484 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 48, 595-құжат).
2. «Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 6 желтоқсандағы № 1484 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 8 шілдедегі № 1613 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 30, 379 - құжат).
3. «Аудандардың, облыстық мәні бар қалалардың, қалалардағы аудандардың әкімдерін тағайындау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 4 маусымдағы № 339 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 18, 196-құжат).